

"Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының жұмысын ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 13 тамыздағы № 362 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 04 қыркүйектегі № 683 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 04 қазанда № 8776 тіркелді

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі № 132-V Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының жұмысын ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 13 тамыздағы № 362 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6472 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2010 жылғы 19 қазандағы № 429-432 (26275) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының жұмысын ұйымдастыру ережесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ереже Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органдарының көліктік бақылау посттарында Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары, қалалар немесе өзге де елді мекендер шегіндегі автомобиль жолдары бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген оның құзыреті шегінде арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы арқылы жүріп өтуін бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Комитеттің аумақтық органдарының көліктік бақылау посты қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуін мемлекеттік бақылауды жүргізуге байланысты қызметі автомобиль тасымалдары саласындағы халықаралық шарттармен, Қазақстан Республикасының көліктік және салықтық заңнамаларымен, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 наурыздағы № 1567 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексімен», Қазақстан

Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы», 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарымен, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерімен, сондай-ақ осы Ережемен регламенттеледі.»;

6 - т а р м а қ т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) көліктік бақылау постының ауысымы – аумақтық көліктік бақылау органдарының екі немесе үш қызметкерінен тұратын, бекітілген кестеге сәйкес стационарлық және жылжымалы көліктік бақылау посттарында қызмет атқару үшін белгіленген ауысым;»;

мынадай мазмұндағы 6)тармақшамен толықтырылсын:

«6) Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы – метрологиялық тексерістен өткен, фото, бейне түсіруді жүзеге асыратын, автоматты режимде жұмыс істейтін, автокөлік құралдарының маркасын, мемлекеттік тіркеу белгісін, салмақтық және (немесе) көлемдік параметрлерін және қозғалыс жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық жабдық.»;

8 - т а р м а қ т а :

1-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Комитеттің өңіраралық көліктік бақылау инспекциясында (бұдан әрі - Инспекция) - Инспекция басшысы;»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Стационарлық және жылжымалы КБП-ның штат саны мен жұмыс ауысымдығын Инспекция басшысы автомобиль көлігіндегі бақылау бөлімі бөлген қаражат пен штат санына сәйкес белгілейді.»;

17, 17-1 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Автомобиль жолдарында бақылауды жүзеге асыру бойынша негізгі іс-қимылдар мыналарды тексеру болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуіне рұқсат беру құжаттарының болуы;

2) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша жүкті тасымалдайтын ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсаттардың болуы;

3) жол жүру маршрутының халықаралық қатынас үшін белгіленгенге сәйкестігі;

4) 1, 6 және 7 класты қауіпті жүк тасымалдайтын арнайы рұқсаттардың болуы.

17-1 Көліктік бақылау жүргізген кезде КБП лауазымды адамдары жүк тасымалдарын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың мыналардың сақтауын қамтамасыз етеді:

1) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарын, оның ішінде:

Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі № 826 Қаулысы;

Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыға рұқсат беру қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 523 Бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7204 тіркелген);

«Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы № 316 қаулысымен бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидалары ;

Бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы № 51 қаулысы;

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 ж. 19 қаңтардағы № 62 қаулысы;

Тез бүлінетін тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау туралы және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы 1976 жылғы 21 қарашадағы келісімге сәйкес Халықаралық қатынаста тез бұзылатын жүктерді тасымалдауды орындайтын жылжымалы құрамға қойылатын талаптарды (Женева 1 қыркүйек 1970 ж ы л) ;

Автокөлік құралдары жабдығының автокөлік құралында тахографтың болуы және оның ақаусыздығы бөлігінде халықаралық шарттар талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ орнатылған отын бактарының жасаушы зауыттың талаптарына сәйкестігі, Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропа келісіміне сәйкес (Женева 1 шілде 1970 ж ы л) ;

Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын автокөлік құралдарының зиянды (ластаушы) заттар шығарындыларына қойылатын талаптар туралы техникалық регламентті бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1372 Қаулысы;

2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарын сақтауы тұрғысында тексеруді жүзеге асырады ;

3) Автокөлік құралының Қазақстан Республикасының аумағымен жүргені үшін алым бөлігінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын.

18. Ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуін көлік

құралдарының нақты салмақ және көлем параметрлерін тексеру және олардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген рұқсат етілген параметрлерден асуы шамасын айқындау арқылы көліктік бақылау өлшеу құралы мен көлем рамкаларын, сондай-ақ міндетті метрологиялық тексерістен өткен және келесі тексеріс күні көрсетілген сертификаты бар стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығын немесе көшпелі ұтқыр таразыны және арнайы автоматтандырылған өлшеу құралын қолдана отырып жүргізіледі.

Метрологиялық тексеру мерзімі өтіп кеткен салмақ өлшеу жабдығын пайдалануға жол берілмейді.» ;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Бақылаудан өту туралы мөртабан:

1) Қазақстан Республикасының резиденттері емес көлік құралдарының иелері (пайдаланушылары) үшін рұқсат қағазының екінші жағына;

2) Қазақстан Республикасының резиденттері болатын көлік құралдарының иелері (пайдаланушылары) үшін жол парағына немесе өзге ілеспе құжатына қойылады.»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. КБП қызметкері жүкті тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралына көліктік бақылау жүргізуді мынадай тәртіппен қамтамасыз етеді:

1) автокөлік құралын (жүк автомобильдері, мамандандырылған және арнайы автомобильдер) тоқтатады;

2) жүргізушіге жақындап келеді, өз аты-жөнін, лауазымын және мемлекеттік органның атауын атап, таныстырады, жүргізушінің немесе бірге жүрген адамдардың талабы бойынша қызметтік куәлігін көрсетеді;

3) тоқтатқан себебін хабарлайды;

4) жүргізуші куәлігін (жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлік және жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжат), көлік құралын тіркеу туралы куәлігін, ілеспе және рұқсат құжаттарын сұратады;

5) көлік құралының габариттік және салмақтық параметрлерін жол жабынында немесе автокөліктің барлық осьнің біркелкілігін қамтамасыз ететін басқа алаңда, нақнұсқаларды қолдана отырып, өлшеуді жүргізеді.

Арнайы рұқсатсыз келе жатқан автокөлік құралында көлемді және (немесе) салмақты белгіленген параметрлері асып кеткен жағдайда Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің талаптарына сәйкес әкімшілік тәртіппен іс қозғау бойынша шара қолданылады;

6) арнайы рұқсатсыз келе жатқан автокөліктік құралдардың салмақты көлемдік өлшемдердің арттырғаны туралы ақпаратты алғаннан кейін көлік құралының нақты ауыр салмағын және ірі көлемін Ситуациялық орталықтан жіберілген ақпаратпен салыстыра отырып, Қазақстан Республикасы аумағында бекітілген мүмкін рұқсат етілген өлшемдерден олардың асатын көлемін анықтау.

Арнайы рұқсатсыз келе жатқан автокөлік құралында көлемді және (немесе) салмақты белгіленген параметрлері асып кеткен жағдайда Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің талаптарына сәйкес әкімшілік тәртіппен іс қозғау бойынша шара қолданылады»;

24 - тармақта :

1-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жүк тасымалдарын автомобиль көлігімен жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың болуын және олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексереді»;

28-тармақ алынып тасталсын;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. «Салықтық әкімшілендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 633 бұйрығымен бекітілген қатаң есептіліктегі бланкілер нысанының негізінде алым сомасы қолма-қол ақшалай КБП қызметкерлері қабылдайды (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5463 тіркелген).»;

Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының жұмысын ұйымдастыру ережесіне 3-қосымша, алынып тасталсын;

Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының жұмысын ұйымдастыру ережесіне 4-қосымшада:

Стационарлық көліктік бақылау посттарының жабдығы мен мүлкі тізбесінде:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бейнетіркегіш

3. GPS навигатор»;

7-тармақ алынып тасталсын;

Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының жұмысын ұйымдастыру ережесіне 5-қосымшада:

Жылжымалы көліктік бақылау посттарының жабдығы мен мүлкі тізбесінде:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бейнетіркегіш

3. GPS навигатор»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Ұтқыр байланыс құралы»;

7-тармақ алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.Б. Әбсаттаров) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың заңда көрсетілген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің ресми интернет-ресурсында ресми жариялануын және оның мемлекеттік органдар интранет порталында (МОИП) орналастырылуын;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен кейін 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев